

2013 жылға денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 29 наурыздағы № 98 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 19 сәуірде № 3564 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Қарғалы ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ауданның ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына 2013 жылға арналған әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылсын:

жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;

тұрғын үй сатып алу үшін бір мың бес жүз еселік есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрайымы*

Н. Альбекова

Аудандық мәслихатхатшысы

Х. Жылқыбеков